**Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болуы керек»**.

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабы 1 тармағының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау **Ащыбұлақ ауылдық округін санитарлық тазалау және абаттандыру бойынша жұмыстарын жүргізу үшін** мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 28 тармағына *(егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі, ал ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу)* сәйкес, шешім қабылданды.

Мемлекеттік сатып алудың мәні елді мекен аумағын санитарлық тазалау және абаттандыру қызметтері болып табылады, оған қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және кәдеге жарату, қоғамдық аумақтарды тазалау, рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жою, сондай-ақ тиісті санитариялық жағдайды сақтау жөніндегі іс-шараларды жүргізу кіреді.

Сатып алынатын қызметтердің мақсаты – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздікті сақтау, жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру.

Бір көзден сатып алу тәсілін қолдану қажеттілігі мынадай мән-жайларға байланысты:

- санитарлық тазалау қызметтері үздіксіз әрі әлеуметтік маңызы бар сипатқа ие;

- қызмет көрсетудің үзілуі санитариялық жағдайдың нашарлауына, халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнуіне әкелуі мүмкін;

- санитарлық тазалау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін шартты жедел жасасу қажет.

Осылайша, мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру негізді болып табылады, бюджет қаражатын тиімді және ұтымды жұмсау қағидаттарына сәйкес келеді және аумақтың тұрақты санитариялық жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған.

**Ащыбұлақ ауылдық округінің әкімі** **Б.Қасымбеков**